

**Жауапкершілігі шектеулі
серіктестік**

«АлтынLand»

БСН 230740032634

090010, Орал қаласы, Деркөл а.,
Жаяу Муса көшесі, 2 үй
Телефон 8701 386 81 55

**Товарищество с ограниченной
ответственностью**

«АлтынLand»

БИН 230740032634

090010, город Уральск,
п.Деркул, ул. Жаяу Муса, д.2
Телефон 8701 386 81 55

Бұйрық №3

23.05.2025 ж.

§1. «Алтынland» бөбекжайының жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру туралы

БҚО Білім басқармасы мемлекеттік мекемесі 30.05.2023 жылғы №508 бұйрығы негізінде бөбекжайда тәрбиеленушілердің жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру мен тәрбиеленуіне қауіпсіз және сапалы жағдайлар туғызатын тиісті шараларды қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие мен оқыту әрекеттерін үйлестіру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

Бөбекжай қызметкерлеріне:

1. «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар мен қызметінің үлгілік қағидалары» 1-қосымшасына сәйкес жүргізілсін.
2. Бөбекжайдағы жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру іс-шаралары әзірленсін;
3. Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау және балалар жарақатының алдын алу мәселелері жөнінде ата-аналармен бірлесіп жүргізілетін іс-шаралар жұмыс жоспарына енгізілсін.
4. Бөбекжайда тәрбие процесі үшін пайдаланылатын жабдықтар мен мүліктердің сапасы тексерілсін;
5. Мектепке дейінгі ұйымдардан тыс шаралар өткізілуде үй – жайларда, серуендеу алаңдарында, саяхаттарға шыққан кезде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде алдын алу жұмыстары ұйымдастырылсын;
6. Педагогикалық және медициналық қызметкерлер үшін балаларға дәрігерге дейінгі алдын ала қызмет көрсету тренингі өткізілсін;
7. Жазатайым оқиға болған жағдайда сапалы және жан жақты тергеу жүргізілсін, сондай-ақ барлық құжаттамалар, оның ішінде «Мектеп жасындағы балалардың жазатайым оқиғалар мен жол көлік жарақаты туралы мәлімет) *(аталған есепті әрбір факті бойынша тиісті анықтамаларды қоса беру қажет)* уақытында және мүлтіксіз рәсімделсін.
8. Бөбекжайда жарақат алуға, жазатайым оқиғаларға жол бермеу бөбекжай тәрбиешілеріне міндеттелсін. Тосын оқиға болған жағдайда дереу бөбекжай әкімшілігіне хабарлансын;
9. Бөбекжай ауласын көркейту және көгалдандыру, ағаштарды кесу жұмыстары ұйымдастырылсын;

